



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 457-н/б

28.11.2025

Астана қаласы

город Астана

**2025 жылға арналған еркін
аукциондық сауда-саттықты
өткізу графигін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 466 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16240 болып тіркелген) бекітілген Аукционға қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын, өтінімнің мазмұнын және оны беру тәртібін, аукционға қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету түрлерін және оларды енгізу мен қайтару шарттарын, қорытынды шығару және жеңімпаздарды анықтау тәртібін қамтитын аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларының 5-тармағының) 3-тармақшасына және 6-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 2025 жылға арналған еркін аукциондық сауда-саттықты өткізу графигі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) Жаңартылатын энергия көздері департаменті:

1) осы бұйрықты жергілікті атқарушы органдардың, жүйелік оператордың және энергия беруші ұйымдардың назарына жеткізсін;

2) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны Министрліктің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



Е. Ақкенженов

064798

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2025 жылғы «28» 11
№ 57-Н/К бұйрығына
қосымша

Еркін аукциондық сауда-саттықты өткізу графигі

Сауда-саттық күні (айы)	Сауда-саттықты өткізу уақыты (Астана қаласы уақыты мен)	Аукциондық сауда-саттыққа қатысушылар тізіліміне енгізу үшін құжаттар қабылдау кезеңі	БЭЖ аймағы	ЖЭК типі	Сатып алынатын белгіленген қуат көлемі, МВт		Шекті аукциондық бағамасы, тт/кВт*сағ	Пайдалануға енгізу талап етілетін күн, шарттың қолданылу мерзімі	Жобаның белгіленген қуатының 1 кВт есебінен аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету	Жобаның белгіленген қуатының 1 кВт есебінен сатып алу шартының талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз ету	Аукцион түрі
					шағын 0,1-ден 10 МВт дейін қосалғанда (0,75 МВт басталатын ЖЭС үшін)	ірілері 10 МВт және одан жоғары					
2025 жылғы 29 желтоқсан	15-00 бастап	29.11.2025-19.12.2025	Оңтүстік аймақ	КЭС	-	600	34,61	Шарт жасалған күннен бастап 36 ай / 20 жыл	5 000 теңге/кВт	10 000 теңге/кВт	Еркін

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін салу үшін жоспарланатын резервтелген жер учаскелері туралы ақпараты бар 1-кесте:

Р/с №	Облыс	Аудан	Елді мекен	Жер ауданы, гектар	Жер санаты
1	Жамбыл	-	-	-	-

Электр желілеріне қосу нүктелері бойынша барынша рұқсат етілген қуат және болжамды қосу саны көрсетілген энергия беруші ұйымның электр желілеріне қосылу мүмкіндігі туралы ақпараты бар 2-кесте:

Энергия беруші ұйым	Облыс	Аудан	ЭБЖ	Кіші станция	Қосылу қуаты бойынша (белгіленген қуаттың максималды рұқсат етілген көлемі) шектеу, МВт	Жаңа қосылулар саны бойынша шектеу (жалғаным)
			Атауы, координаттары	Шиналары		
-	Жамбыл	-	-	-	600	1